**Хаттама № 1**

**Күні: 31.08.2024**
**Уақыты: 11:00**
**Өту орны: АКТ зал**

**Күн тәртібінде:**

1. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ талдау, өткен оқу жылының қорытындысына қысқаша талдау (Хусайн Х, Шахатова Б.А)
2. 9,11 – сынып оқушыларының еңбекпен қамтылуы. (Хусайн Х)
3. Күнделік.кз толтырулар, енген өзгерістер және толтыру реті. (Пешкенова А)
4. Педагог қызметкерлердің аттестациясының қорытындысы. (Жунусова А.Қ)

5. Ағымдағы мәселелер:

- Сынып жетекшілерді тағайындау, мұғалімдердің апталық оқу жүктемесімен таныстыру. (Пешкенова А)
- Алғашқы қоңырау салтанатын өткізу туралы. (Бахытхан О, Жакен М)
- Оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы. (Хусайн Х, Пешкенова А.Т)
- Мектептің ішкі тәртібімен таныстыру (Хусайн Х)
- Оқушылардың тасымалдануы (Бахытхан О)

* Әлеуметтік педагог есебі (Болатхан Ә)

- Мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау, құрамын бекіту

**Тыңдалды :**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға берілді. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ –тың ерекшеліктері мен маңызды тұстарына талдау жасады. Әдістемілік нұсқау хаттың былтырғы жылғымен ұқсастықтары өте көп екендігі және ерекшеліктерінің бірі ЖИ, яғни жасанды интелектпен жұмыс жасау керектігін сөз етті. Заман талабына сай ақпараттық технологияларды меңгеріп, барынша қолданылуы керектігін айтты. Мектебімізде АКТ технологияларымен қамтылған оқу кабинеттердегі барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, сабақтарды электрондық платформалар арқылы сапалы, әрі қызықты өткізу керектігін ескертті. Қазіргі таңда слайд-презентация, геймификация, тест сұрақтарын құрастыруға, интерактивті тақтамен жұмыс жасауға көптеген электронды платформалар бар екендігі және оны пайдалану қатты қиындық туғызбайтындығын атап өтті. Сондай платформаларды әркез сабақтарында пайдаланып жүрген ұстаздар қауымы көп екені де сөз етті.
2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша өткен оқу жылының

қорытындысына мектептің білім сапасының пайызы 63,02 пайызды құрады. Бұл әрине өткен жылдарға қарағанда жақсы көрсеткіш, дегенмен биылғы оқу жылында бұл білім сапасын түсірмей әрі қарай жоғарылату басты назарда болу керек екенін айтты. 2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы 52 оқушы мектебімізді аяқтады, 29 оқушы мемлекеттік грант иегерлері атанғаны айтылды. Былтырғы оқу жылы бойынша 3 «Алтын белгі» иегері болғандығы және үшеуі де мемлекеттік грант иегері атанғандығын сөз етті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылғы көрсеткішке қарағанда төмен екендігін атап өтті.

| 2021-2022 оқу жылы | | 2022-2023 оқу жылы | | 2023-2024 оқу жылы | |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | Грант иегерлерінің саны | Барлығы | Грант иегерлерінің саны | Барлығы | |
| 49 | 27 | 49 | 42 | 52 | 29 |

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе, 9,11 – сынып оқушыларының еңбекпен қамтылуы бойынша,** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайн жалғастырды. 9,11 – сынып оқушыларының еңбекпен қамтылуы бойынша төмендегідей мәліметтер келтірді.

***11-сынып бойынша еңбекке орналасу көрсеткіші:***

Жалпы 52 оқушы аяқтады

- 41 оқушы жоғары оқу орнына түсті;
- 2 оқушы шет елге оқуға кетті;
- 7 оқушы колледжге түсті;
- 2 оқушы әлі анықталмағандығын айтты.

***9-сынып бойынша еңбекке орналасу көрсеткіші:***

Жалпы 92 оқушы аяқтады

- 31 оқушы колледжге түсті;
- 58 оқушы 10 сыныпқа келді;
- 3 оқушы басқа облыстың мектептеріне ауысқанын атап өтті. Сынып жетекшілеріне кеткен оқушылар жайлы оқу орынынан анықтама жинау керектігі ескертілді.

**Пешкенова Айжан Теңдиковна** «Kundelik.kz» электрондық журналымен жұмыс жасаудағы ерекшеліктер мен өзгерістер жайлы таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында «Kundelik.kz» электрондық журналымен жұмыс жасауда төмендегідей өзгерістер бар екендігін айтып өтті:

- Пән мұғалімдері журналды нұсқаулыққа сәйкес толтыру қажет.
- Журналды күн сайын сағат 21-00 дейін толтыру керек.
- Міндетті түрде ҚМЖ, яғни күнделікті өтілген сабақтың қысқа мерзімді жоспары енгізілу қажет.

- Сынып жетекшілер сынып сағаттарын және ЖЖЕ (жолда жүру ережесі) толтыру керек.
- Оқушылардың бағасын сол күні қою керек.
- Әр тақырыптың өзіндік ерекшеліктері болу керек, себебі бірдей тақырыптар жазылғанда сағат саны дұрыс шықпайды.
- БЖБ және ТЖБ (4) сандары қайталанбауы керек.
- Тексеру қорытындысы бойынша ауызша ескертулер алған пән мұғалімдері: электрондық журналды уақтылы толтырмауға байланысты барлық ескертулерді жойып, түзету туралы есеп беруі керек.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша,** директордың ғылыми жұмыстары бойынша орынбасары Жунусова Амина Кумарбековна педагог қызметкерлердің аттестациясының қорытындысымен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылында аттестаттауға 18 мұғалім, 3 директордың орынбасары өтініш берді. Аршалы ауданы білім басқармасының аттестаттау комиссиясына құжаттар (портфолио) тапсырды. Оның ішінде «педагог-шебер» біліктілік санатына - 1 мұғалім (денсаулық жағдайына байланысты аттестатталудан бас тартты) , «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына - 4 мұғалім Ақмола облысы білім басқармасының аттестаттау комиссиясына құжаттар (портфолио) тапсырылды, қорытынды шығарылмады, кезекті «педагог-сарапшы» біліктілік санатына -2 мұғалім (бір мұғалім ПББ (тест) бойынша шекті балл жинамады), бір мұғалім Аршалы ауданы білім басқармасының аттестаттау комиссиясына құжаттар (портфолио) тапсырды, кезекті «педагог-модератор» біліктілік санатына – 11 мұғалім (екі мұғалім ПББ (тест) бойынша шекті балл жинамады, 9 мұғалімнің құжаттары (портфолио) Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мекемесінің аттестаттау комиссиясының кезекті отырысында қаралып, педагог-модератор біліктілік санаты берілді. Еңбек өтілі 30 жылдан жоғары аттестациядан өтетін математика пәні мұғалімі Камышева Роза Жиенбаевна педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын растауда ПББ-дан (тестілеу) өтпей, аттестаттау комиссиясына портфолио тапсырып, бағаланатынын атап өтті. Мектебіміздегі 3 директордың орынбасары Кудабаева Махаббат Калымтаевна, Хусайн Ханат, Бахытхан Ойгарбай ПББ (тест) бойынша тестен өтіп, Аршалы ауданы білім басқармасының аттестаттау комиссиясына құжаттар (портфолио) тапсырғанын айтты. 2024-2025 оқу жылында аттестаттауға мерзімі келген 6 мұғалім өтетінін ескертті. Олар: Маханова А.Ш., Сейтмуратова М.М., Кудабаева М.К., Дүйсеманова У.Ж., Шахатова Б.А., Серикова А.С.. Мерзімнен бұрын өтуге әлі рұқсат жоқ екенін атап өтті.

**Келесі бесінші ағымдағы мәселелер:**

Сынып жетекшілерді тағайындау, мұғалімдердің апталық оқу жүктемесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Пешкенова Айжан

Теңдиковна таныстырып өтті. Апталық оқу жүктемесі барлық мұғалімдерге бөлініп, өз жүктемелері бойынша барлық ұстаздар хабардар екендігін айтты. Бекітілген оқу жүктемесі жазылған құжатқа әр мұғалім қол қою керектігін ескертті. Биылғы оқу жылында барлығы - 50 сынып комплект жинақталды.

- 1-4 сыныптар -20 сынып;
- 5-9 сыныптар -24 сынып;
- 10-11 сыныптар – 6 сынып.

Сынып жетекшілер барлық сыныпқа тағайындалып, төмендегідей бекітілгендігін айтты.

| № | кл | каб | смена | саны | 24-25 |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1А | 102 | 1 | 20 | Байгаскинова К. З. |
| 2 | 1Ә | 206 | 1 | 23 | Маханова А. Ш. |
| 3 | 1Б | 104 | 1 | 20 | Шахатова Б. А. |
| 4 | 1В | 101 | 1 | 20 | Амангелдиева Б. Б. |
| 5 | 1 Г | 203 | 1 | 18 | Жамчибаева А.М. |
| 6 | 2А | 106 | 1 | 21 | Байгаскинова К. З. |
| 7 | 2Ә | 202 | 2 | 23 | Жуманова А. Н. |
| 8 | 2Б | 201 | 1 | 21 | Кереева М. Ж. |
| 9 | 2В | 103 | 1 | 21 | Карымова А. К. |
| 10 | 2Г | 204 | 1 | 22 | Қалданова А. Қ. |
| 11 | 3А | 104 | 2 | 20 | Кудабаева М. К. |
| 12 | 3Ә | 202 | 1 | 18 | Жуманова А. Н. |
| 13 | 3Б | 101 | 2 | 20 | Касымханова Ж. Б. |
| 14 | 3В | 206 | 2 | 20 | Серікова А. С. |
| 15 | 3Г | 203 | 2 | 18 | Омарбекова А. Қ. |
| 16 | 4А | 102 | 2 | 22 | Асемова Э. Б. |
| 17 | 4Ә | 204 | 2 | 21 | Ергеш Н. |
| 18 | 4Б | 201 | 2 | 22 | Тілешбек П. Т. |
| 19 | 4В | 106 | 2 | 23 | Асемова Э. Б. |
| 20 | 4Г | 103 | 2 | 23 | Узбекова Ж.А. |
| 21 | 5А | 230 | 2 | 20 | Саркулакова А.М. |
| 22 | 5Ә | 330 | 2 | 20 | Жунусова А. К. |
| 23 | 5Б | 326 | 2 | 21 | Алимсейт А. Қ. |
| 24 | 5В | 143 | 2 | 21 | Жанкишева А.К |
| 25 | 5Г | 329 | 2 | 20 | Аманхан Нуржаз |
| 26 | 6А | 309 | 2 | 24 | Байгабыл Маншук |
| 27 | 6Ә | 302 | 2 | 19 | Дуйсеманова У.Ж |
| 28 | 6Б | 303 | 2 | 20 | Қаратай А. Р. |
| 29 | 6В | 135 | 2 | 21 | Санат Гульжанар |
| 30 | 6Г | 306 | 2 | 24 | Исакова Э.М. |
| 31 | 7А | 310 | 1 | 23 | Алкеева А. Д. |
| 32 | 7Ә | 227 | 1 | 20 | Лесбекова Ү. А. |
| 33 | 7Б | 322 | 1 | 24 | Абдулина Г. Ж. |
| 34 | 7В | 211 | 1 | 21 | Сиздикова А. К. |
| 35 | 8А | 324 | 1 | 24 | Абдрахманова А. Е. |
| 36 | 8Ә | 306 | 1 | 24 | Мысанова Г. Б. |
| 37 | 8Б | 329 | 1 | 24 | Койшыбаева Б. К. |
| 38 | 8В | 302 | 1 | 23 | Камалатова Д. С. |
| 39 | 8Г | 326 | 1 | 18 | Сердалиева Ж.К |
| 40 | 9А | 301 | 1 | 24 | Мажитова Д. У. |
| 41 | 9Ә | 308 | 1 | 21 | Абилсеитова Б. К. |
| 42 | 9Б | 304 | 1 | 23 | Сарсенбаева М. К. |
| 43 | 9В | 228 | 1 | 21 | Кенжалы А |
| 44 | 9Г | 305 | 1 | 17 | Пешкенова А. Т. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 45 | 10А | 321 | 1 | 23 | Кожахметова Б.К. |
| 46 | 10Ә | 226 | 1 | 20 | Тлеуова А. Б. |
| 47 | 10Б | 145 | 1 | 19 | Бабакова Ғ. Т. |
| 48 | 11А | 325 | 1 | 22 | Бахытхан О. |
| 49 | 11Ә | 328 | 1 | 21 | Бахитжан Б. |
| 50 | 11Б | 303 | 1 | 20 | Бакытнұр Ө. |

**Жалпы -1058 оқушы**

**Келесі ағымдағы мәселе,** алғашқы қоңырау салтанатын өткізу туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахытхан Ойғырбай айтып өтті. Алғашқы қоңырау салтанатты жиыны 1 қыркүйек, сағат 10.00 басталады. 1 және 11 сыныптар қатысады. Ауа райының қолайсыздығына байланысты салтанатты жиын мекептің АКТ залында өтетінін ескертті. 2 және 10 сынып аралығында 2 қыркүйек бірыңғай «Менің Отаным Қазақстан!» атты бірінші сабақта сынып сағаты өтілетінін айтты. 1 қыркүйек күні әр сынып ӘНХ көрсетілген тақырыптар бойынша бейнероликтер түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеу керектігін атап өтті.

Алғашқы қоңырау салтанатты жиынын ұйымдастыру бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Манар Жакен әрі қарай жалғастырды. Безендіру жұмыстары бойынша жұмыстарға 1 сыныптың жетекшілері жауапты екенін ескертті. 1 және 11 сыныптарға салтанатты жиында тыныштықты сақтау үшін кезекші мұғалімдерді тағайындағанын атап өтті. Сонымен қатар, сырттан келген қонақтарды күтіп алып, оларға бағыт –бағдар көрсетіп тұратын 1 және 2 қабаттарда кезекшілер болатынын айтты.

**Келесі ағымдағы мәселе,** оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы бойынша сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға берілді. Барлық мектептің оқу кабиенттері биылғы оқу жылына 100 пайыз дайын екендігін атап өтті. 143 кабинетте ғана ретке келтіретін тұстары бар екендігін кабинет жетекшісі Жанкишева Айжан Кұнтуаровнаға ескертті.

**Келесі ағымдағы мәселе,** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайн жалғастырды. Мектептің ішкі тәртібі бойынша мектептің әдеп кеңесі бекіткен педагогикалық әдеп нормаларын қатаң ұстану керектігін ескертті. Денсаулық немесе жеке бас, отбасылық жағдайға байланысты жұмыстан сұранатын жағдайда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Пешкенова Айжан Теңдиковнаға өтініш жазу керектігін атап айтты.

Мектептің ішкі тәртібі бойынша ережелерімен әдеп кеңесінің былтырғы оқу жылында төрайымының орынбасары қызметін атқарған Бахытжан Ботагөз өз сөзін жалғастырды. Мектептің биылғы әдеп кеңесінің құрамында өзгерістермен таныстырды. Сулейменова Гүлнар Естаевнаның жұмыстан кетуіне байланысты, орнына зейнеткер ұстаз Камышева Роза Жиенбаевна тағайындалды. Әдеп кеңесінің төрайымының орынбасары Жуманова Айнұр Николаевна болды, Бахытжан Ботагөз хатшы қызметін атқаратынын айтты

және педагогикалық әдеп нормаларымен таныстырды. Барлық ұстаздар қауымы біраууыздан қолдады.

***Педагогикалық әдеп нормалары төмендегідей:***

1.Мұғалімдер қою қара көк, қара және ақ түсте, классикалық үлгіде киіну;
2. Сабаққа кешігіп кірмеу және сабақтан шығып кетпеу;
3. Құқық бұзушылыққа жол бермеу;
4. Бала құқықтарына шек келтірмеу;
5. Ата-анамен дұрыс қарым - қатынас жасау;
6. Педагогикалық отырыстарда әдеп нормаларын сақтау (жұмыс кимінде келу, телефондарды дыбыссыз режимге қою);
7. Қандай да бір жағдайларда 18-ге толмаған балаға ата-анасының рұқсатынсыз шешім қабылдамау;
8. Мектеп мүлкіне жауапкершілікпен қарау;
9. Әлеуметтік желілерде бейтарап пікірлер жазбау, адамның жеке бас құқығына нұсқан келтіретін материалдар жарияламау;
10. Оқушыларды тасымалдайтын көліктерде кезекшілік міндетіне жауапкершілікпен қарау;
11. Аттестациядан өту кезінде педагогикалық әдеп нормаларын бұзбау;
12. Мерекелік күндерде балалардың бір-біріне сыйлық жасау, құттықтау кездерінде бала көңіліне қаяу түсіретін жағдайлардың алдын алу;
13.Педагог сабақтан кешіксе немесе сабақтан шығып кеттетін болса, 2 рет акт жасалып, 3 ретінде жүктемесі алынады;
14. Педагогтерге әкімшілік тарапынан істеген жұмысына байланысты шағым түскен жағдай, жазбаша ескерту беріледі;
15. Педкеңестерде қатаң түрде педагогтер форма сақтауы керек;
16. Педагогтер мектеп формасын сақтамаған жағдайда, жазбаша ескерту беріледі.

**Келесі ағымдағы мәселе,** оқушылардың тасымалдануы бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахытхан Ойғырбай айтып өтті. Жалпы оқушыларды тасымалдау үшін – 3 автобус жұмыс жасайды, тасымалдау үшін әр оқушының ата-анасы өтініш жазады. Мектептің жалпы 516 оқушысы автобуспен тасымалданады. Ең көп қатынайтын оқушылар 8 мкр- 195 оқушы және 1 мкрн -159 оқушы (78 оқушы -1 сынып). 1-4 сыныптар 235 оқушыны құрайтынын атап өтті. Мектеп ұстаздары арасынан кезекшілер тағайындалатыны және ол кезекші өзінің жұмысын мұқият атқару керектігін ескертті.

2023-2024 оқу жылын бойынша әлеуметтік педагогтің жылдық есебімен мектептің әлеуметтік педагогі Болатхан Асель таныстырды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында өткізіледі. Акцияға аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізіледі. Осы акцияға байланысты Иманжүсіп Құтпанұлы ат. жалпы білім беретін орта мектебі 2 мамырдан бастап 31 мамырға дейін ата-

аналардан құжаттарды қабылдап алынды. Тегін формаға 89 ата-аналар құжаттарды тапсырды. 2024 жылғы 12 маусымында 253 оқушылардың өтініштері қаралды, 205 оқушылар өтті. Қалған өтпеген оқушылардың өтініштерінің өтпеуінің себебі: құжаттардың толық еместігі немесе жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары болды.

2024 жылы 28 тамыз күні 68 ата-аналар тегін ыстық тамаққа құжаттарын тапсырып, оны комиссия мүшелері қарады. Соның нәтижесінде 61 оқушы тегін ыстық тамаққа өтті. Сондай-ақ, келесі қазан айында қайта тегін ыстық тамаққа құжаттарды қабылдағанда ата-аналар құжаттарды толық әкелу тиіс туралы сынып жетекшілеріне ескертілді. Одан баска тізімдегі жазылған құжаттарына назар аудару керек, өйткені табыс туралы аныктасы міндетті түрде соңғы 6 ай көрсетілуі қажет екенін ескертті.

**Келесі ағымдағы мәселе бойынша** мектеп директоры Туркестанбаева Акнұр Арысбаевна мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау және құрамын бекіту керектігін айтты. Алдыңғы кәсіподақ ұйымының барлық мүшелеріне алғысын білдіріп, жаңа құрамға өз еркімен кіргісі келетін ұстаздарға ұсыныс жасады. Әр бірлестік өздерінің құрамынан 1 ұстаздан ұсыныс білдірді. Биылғы жаңа оқу жылында мектептің кәсіподақ ұйымының құрамы төмендегідей бекітілді:

1. Маханова А.Ш.- төрайымы
2. Сарсенбаева М.Х.
3. Мысанова Г.Б.
4. Сандыбек Қ.
5. Тлеуова А.Б.
6. Қаратай А.Р.
7. Әлімсейіт А.К.
8. Алкеева А.Д.
9. Кенжалы А.
10. Карымова А. К. – хатшы
11. Кіші қызметкерлерден бір адам

Қаулы :

1. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ талдау және өткен оқу жылының қорытындысы «жақсы» деп танылсын.
2. 9,11 – сынып оқушыларының еңбекпен қамтылуы «қанағаттанарлық» деп танылсын, жалғасын тапсын.
3. Күнделік.кз толтырулар, енген өзгерістер және толтыру реті жүзеге асырылсын.
4. Педагог қызметкерлердің аттестациясының қорытындысы бойынша жоспар құрылып, жалғасын тапсын.
5. Ағымдағы мәселелер:

Ағымдағы мәселелер бойынша барлық мәселелер мен сұрақ жауаптар толықтай «қанағаттанарлық» деп қабылдансын.

Төрайым: Туркестанбаева А.А.

Хатшы: Айкынбаева М.М.

**Хаттама № 2**

**Күні: 12.11.2024**
**Уақыты: 18:00**
**Өтуорны:АКТ зал**

**Күн тәртібінде:**

1. а) Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, 2-тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер. (Хусайн Х, Жакен М)
   ә) Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу барысы (Пешкенова А.Т)
   б) Оқу бағдарламасының стандартқа сай орындалуы. ( Хусайн Х)

2. а) 3,8,10 - сыныптардан тоқсан бойында алынған 0-дік бақылау, БЖБ, ТЖБ қорытындысына сараптама жасау. (Хусайн Х, Шахатова Б.А)
   ә) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлерінің құжаттарын тексеру қорытындысы. (Хусайн Х)
3. а) Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары. Сәтсіз отбасы, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс (Бахытхан О)
   ә) 1,5,10 сыныптардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделу жұмысының бақылау қорытындысы. (Ахметова Ж.Г)
4. Бірмезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануы, СУСН, «Алақан» жүйесі (Директор, Қуан Ұлбүбі)
5. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды :**

**1.а) Күн тәртібіндегі бірінші мәселебойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға берілді. 2024/2025 оқу жылының басында 1058 оқушы білім алуды бастағаны, 1 тоқсан ішінде 9 оқушы кетіп, 21 оқушы келгені, 1 тоқсан бойынша 1070 оқушы аяқтағаны айтылды. Жиынтық сыныптар саны-50, сыныптағы орташа толымдылық – 21.

1 тоқсан бойынша 2-4 сыныптар арасындабілім сапасы 65%, жалпы оқушылар саны -317 оқушы, оның ішінде озаттар-79, екпінділер -126 оқушы құрайтыны айтылды. 5-9 сыныптар арасында білім сапасы 57 %, жалпы оқушылар саны -522 оқушы, оның ішінде озаттар -94, екпінділер-203 оқушы екенін атап өтті. 10-11 сыныптар арасында білім сапасы 64 %, жалпы оқушылар саны -126 оқушы, оның ішінде озаттар-28, екпінділер – 53 оқушыны құрайынын, ал жалпы мектеп бойынша білім сапасы 1 тоқсанға сәйкес - 60% құрайтынын атап айтты. 1 тоқсанда сапа көрсеткіші болжам бойынша межеленген 64% жетпегендігі айтылды. І-тоқсанның қортынысы бойынша төмен сапа көрсеткіштерін берген 5 «Ә», «Б», «Г», 7 «А», «Ә», «Б», «В», 9 «Б», 11 «Ә» сыныптары жалпылама жан-жақты толықтай бақылауға алынатыны ескертілді. Бақылау мерзімі 11.11.2024-06.12.2024 ж. күндер аралығы. Комиссия төрағасы- Хусайн Х., комиссия мүшелері –Жакен М., Рахимбекова А.З., Пешкенова А.Т., Бахытхан О., Жунусова А.К., Кадырбаева Б.К., Накипова Н.М. Алдағы уақытта 2 тоқсанда сынып бойынша жасалынған болжам бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен жұмыс күшейтіліп, болжам бойынша 2 тоқсанға межеленген сапа көрсеткішіне жету керектігін нақты атап айтылды.

1 тоқсан тәрбие жұмысы бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жакен Манар баяндады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде 1-тоқсанда жоспарланған қыркүйек, қазан айларындағы барлық іс-шаралар өтілгенін, анықтама-мәліметтері жазылғанын, өткізілген іс-шаралардың фото-бейнематериалдары желіге жүктелгенін атап айтты. Тек қыркүйек айында «Абай – дара, Абай – дана» 8-11 сынып

оқушыларына арналған оқырмандар сайысы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілмегені және ол іс-шара қараша айының соңғы аптасында өткізілу жоспарда тұрғанын сөз етті. 2-тоқсанда қаралатын жұмыстарды төмендегідей көрсетті:

- 1, 5, 10 сыныптардағы бақылауға (қиын оқушылар, денсаулығына байланысты көп сабақтан қалатын, Д есебінде тұратын, алыстан қатынайтын, өгей ата-анамен тұратын) алынған оқушыларды қадағалау;
- 9а, ә, 6ә, 8ә сынып жетекшілерінің сынып сағатын өткізуін бақылау;
- өткізілмеген іс-шаралардың өткізілуі;
- сынып жетекшілердің электронды портфолио жинақтауы;
- қыздар және ұлдар ұйымының жоспарға сәйкес жұмыстары;
- оқушылардың жеке-іс құжаттарының талапқа сай жинақталуы;
- 4,9,11 сыныптарды негізгі бақылауға алу.

Сонымен қатар 2-тоқсанда өткізілетін тәрбие жұмысының жоспары «И.Құтпанұлы» ватсап әлеуметтік чатына жіберілгенін және жауапты мұғалімдер берілген іс-шараларды уақытында орындап, есебін тапсыруды атап айтты. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті сабағын өткізуді паралель сыныптар арасында өткізу керектігін сынып жетекшілер ұсыныс ретінде білдірді. Жауапты мұғалімдер бекітілетіні және бұл жұмыстар бойынша сынып жетекшілерге қосымша толық хабарлама берілетіні айтылды.

**ә) Пешкенова Айжан Теңдиковна**«Kundelik.kz» электронды журналының жүргізілу барысын айтып өтті. 2 тоқсан бойынша барлық ктж толық толтырылу керектігі, журналды күн сайын сағат 21-00 дейін толтыру керектігі, баға уақытылы сол күні қойылу керектігі, 100% көрсеткішке толмай тұрған ұстаздарға ауызша ескерту берілетіні айтылды. Тексеру қорытындысы бойынша ауызша ескертулер алған пән мұғалімдері: электрондық журналды уақтылы толтырмауға байланысты барлық ескертулерді жойып, түзету туралы есеп беруі керек.

**б)Күн тәртібіндегі екінші мәселебойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға жалғастырды. Оқу бағдарламасының стандартқа сай орындалуы бойынша 1, 5, 10 сыныптардың орта мерзімді жоспары күнделік кз бойынша толықтай тексерліп, мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша талдау қорытындысы жасалынғаны айтылды. Тексеріс барысында төмендегідей қателіктер орын алған:
- ОМЖ-да жоспарланған күндер мен күнделік кз сағат сандары сәйкес келмейді;
- ОМЖ-да жоспарланған күндер мен күнделік кз тақырыптар сәйкес келмейді;
- ТЖБ соңғы күндері алынған;
- ТЖБ ОМЖ бойынша жоспарланған күн басқа, күнделік кз тжб басқа күні алынған;
- БЖБ күндері дұрыс қойылмаған;
- ОМЖ титулкасы бекітілмеген, 2-3 сағаттан жазылған;
- ОМЖ-да өтілетін күндері жазылмаған;
-ОМЖ-да басқа тақырыптар жазылған, күнделік кз мүлдем басқа тақырыптар жазылған;
- Күнделік кз артық сағат жазылаған, сол күнге тақырып қойылмаған;

1, 5, 10 сыныптардың мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша талдау қорытындысы негізінде ескертулері бар барлық мұғалімдерге жазбаша ескерту берілсін деген шешім қабылданды. Осы жіберілген қателіктермен жұмыс жасалынып, орындалған жұмыстарды қайта тексертіп, олқылықтарды жою керектігін атап айтты. Жоғарыда аталған қателіктер енді қайталанбау керектігі барлық ұстаздарға қатаң түрде ескертілді.

**2. а) Күн тәртібіндегі екінші мәселебойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға жалғастырды. 8,10 - сыныптардан тоқсан бойында алынған 0-дік бақылау, БЖБ, ТЖБ қорытындысына сараптама бойынша 8-10 сыныптардың тоқсандық жиынтық бағалауларының талдау есебі мен жалпы оқушылардың жұмыстары бірлестік жетекшісі, оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары, мектеп директорының бірлесіп отырып толық тексерілгендігі және анықтама жазылғаны айтылды. Тексеру барысында, көптеген кемшіліктер анықталған. Атап айтсақ: тжб жұмыстары кодталмаған;

жасыл түспен тексерілетін жұмыстар қара сиямен, қызыл сиямен, қарандашпен тексерілген; тексеру барысында бірізділік жоқтығы көрінген; бағалар әртүрлі жерде қойылған; жинаған ұпайлары бірнеше рет өзгертілген; оқушылар тарапынан әртүрлі түсті сиямен жазғандары анықталған; мұғалімдер өздері түзетіп, толықтырып жазған жұмыстар болған; 0-39% аралығында ұпай жинаған оқушылармен түзету, қатемен жұмыс жүзеге асырылмаған; тжб жұмыстарын соңғы күндері алған мұғалімдер анықталған. Өрескел қателіктер жіберген ұстаздарға ауызша ескертулер берілді. Алдағы уақытта жоспарға сәйкес бжб, тжб жұмыстарын барлық сыныптар бойынша тексерілетіні, егер осы аталған кемшіліктер тағы орын алатын болса, ол ұстаздарға шара қолданылатыны ескертілді. Мұғалім мен оқушының жұмыстары өте тиянақты орындалған, ескертуі жоқ 8 сыныптар бойынша алгебра және геометрия пәнінен сабақ беретін мұғалім Ашимханова Н.Р.-ға мектеп директоры тарапынан алғыс айтылды.

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Шахатова Баян Аиповна**

3 сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ талдау жұмыстарын тексеру барысында төмендегідей қателіктер орын алғанын атап айтты:

- Әр тапсырманың жеке балы немесе «+» белгісі қойылмаған;
- Тексеру барысында бірізділік сақталмаған;
- Талдау жұмысы мен қойылған баға саны сәйкес болмауы;
- Оқушылар кодталмаған;
- Онлаин тапсырған оқушылардың жұмысын шығарылмаған;
- Тыңдалым тапсырмасының ұпайлары қойылмаған;
- Жалпы балын және жинаған ұпай саны жазылмаған;
- Жасыл сиямен тексерілмеген;
- ТЖБ –ны оқушы қарандашпен жазған;

Алдағы уақытта жоспарға сәйкес бжб, тжб жұмыстарын барлық сыныптар бойынша тексерілетіні, егер осы аталған кемшіліктер тағы орын алатын болса, ол ұстаздарға шара қолданылатыны ескертілді.

Ә) **«Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлерінің** құжаттарын тексеру қорытындысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға жалғастырды.

2024/2025 оқу жылы бойынша «Алтын белгі» иегерлері мен үздк аттестатқа үміткерлердің саны төмендегідей.

| 11 сынып «Алтын белгі» үміткерлері | 11 сынып үздік аттесттатқа үміткерлер | 9 сынып үздік аттесттатқа үміткерлер |
|---|---|---|
| 6 | 11 | 18 |
| 11 «А» Мақсұт Наргиз | 11 «А» Алимбек Мерей | 9 «А» Тортаев Ерасыл |
| 11 «Ә» Бизат Ерасыл | 11 «А» Жеңісқызы Зарина | 9 «А» Кадырова Бибінұр |
| 11 «Б» Серикова Аида | 11 «А» Қаратай Ақтолқын | 9 «А» Сайлаубай Аида |
| 11 «Б» Әділжан Мұхит | 11 «Ә» Хусаин Шахизат | 9 «А» Қуанышбай Айзере |
| 11 «Б» Күмісбек Балауса | 11 «Ә» Қайыржан Наргиз | 9 «А» Қуанышбаева Лаура |
| 11 «Б» Сәрсенбай Жалғас | 11 «Ә» Елеубаева Сабина | 9 «Ә» Айдос Еңлік |
| | 11 «Б» Севкрай Нұрлан | 9 «Б» Нұрлан Қарақат |
| | 11 «Б» Берікбол Темірлан | 9 «Б» Серікбай Аружан |
| | 11 «Б» Әмірхан Ислам | 9 «Б» Идирсова Аружан |
| | 11 «Б» Құдайберген Аида | 9 «Б» Кадырбаева Наргиз |
| | 11 «Б» Қайырбаева Айзере | 9 «Б» Қалымтай Саида |
| | | 9 «В» Садвакасова Аниса |
| | | 9 «В» Орынбек Аққербез |
| | | 9 «В» Жұмахан Нұрислам |
| | | 9 «Г» Нағашыбай Ақсезім |
| | | 9 «Г» Пірмахан Еркеназ |
| | | 9 «Г» Ілеспай Мерей |
| | | 9 «Г» Бақыт Інкәр |
| | | |

«Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлерінің жыл бойынша оқу үлгерімдерін назарда ұстап, пән мұғалімдермен тығыз жұмыс жасау керектігі айтылды.

**3.а) Күн тәртібіндегі үшінші мәселе,** құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары. Сәтсіз отбасы, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс туралыдиректордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахытхан Ойғырбай баяндады.

«Жол қозғалысы ережелері», «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы», «Интернет-алаяқтықтың алдын алу» тақырыбы бойынша профилактикалық іс-шара өткізілгені айтылды. Аршалы ауданы ПБ бірінші орынбасары полиция полковнигі Курманбаев Ермурат Кабдолаевич және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор полиция аға лейтенанты Н.Н.Мұсабеков қатысып, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын өткізгені айтылды.Қазан айында Аршалы ауданы ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы “Сарбат-Ақжол “ оңалту орталығының теолог мамандары 8-11 сынып мектеп оқушылармен “Діни жат ағымнан сактану“ тақырыбында кездесу өткізілгені және іс-шара барысында тыңдаушыларға ақпараттық буклеттер таратылғанын сөз етті.27.09 күні мектебімізде «Біз буллингке қарсымыз» атты флешмоб байқауы өткені, байқауға 8-сыныптар қатысқаны, орын алған сыныптар мақтау қағаздарымен марапатталғаны баяндалды. Мобильді қосымшаларда жасырылған шағын ойындар, Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінен «Бізбен ойна!" деген шақыртулар келуі мүмкін екендігі айтылды. Бұлардың ең қауіптісі: «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20», «Море китов», «Синий кит», "Красный дельфин", «Млечный путь», «U19», «F57» SchoolBoy RunaWay -Stealth» және т.б.қауіп-қатердің алдын алу үшін балалармен жиі сөйлесіп, олардың қандай ойын ойнайтынын бақылауға алуды ескертті. «Kiva» сабақтары нәтижесінде мектепте құқықбұзушылық едәуір азайғаны айтылды. Сәтсіз отбасынан шыққан 1 оқушыға шағым түскен, ол оқушы себепсіз сабақтан көп қалған. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор полициямен бірге оқушының үйіне барып, акт жазылған. Мәселенің мән-жайы анықталып, мәселе шешімін тапқан. Сәтсіз отбасы, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс жүргізу барысында ұстаздар қауымына оқушыларға мейірімділікпен қарау, олардың жанын түсіну, олармен ерекше ұқыптылықпен жұмыс жасау керектігін ұсынды.

ә) **1,5,10 сыныптардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделу** жұмысының бақылау қорытындысыбойынша мектептің педагог-психологы Куан Ұлбүбі 1 сыныптардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделуі жайлы баяндады. 1 сыныптардың барлығынан «Йирасек-Керн» тесті алынғаны айтылды.Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке көзқарастарын бақылау,олардың білімге ынталарын, қоршаған орнтаға бейімделуін анықтау.

Қорытынды бойынша, мектепке даярлығы жақсы, мектепке даярлығы орташа, мектепке даярлығы қанағаттанарлық деңгейдегі оқушылар анықталған. Ұсыныс ретінде, сынып жетекшісі оқушылардың майда нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасуына ықпал ету керектігі, ата- ана тарапынан қадағалану керектігі ұсынылған.

Ахметова Ж.Г. өзінің бақылау жұмысының есебін баяндады. 5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу анықтау мақсатында жыл басанда 5-ші сынып оқушылардың сабақтарына қатысу, сырттан бақылау және түзету-дамыту сабақтары, ойын-тренигтер өткізілгенін сөз етті.

1. Н.Г.Лусканованың «Мектеп мотивациясының скринигі»,
2. «ДЖ.Мореноның социометриясы» сауалнамасы;
3. «Ағаш» проективтік әдістемесі диагностикалық әдістері жүргізілгені айтылды.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша, бейімделу бірқалыпты жүріп жатқаны, эмоционалдық фон қолайлы, оқушылар жаңа мұғалімдерге және олардың талаптарына үйреніп жатқандығы, психологиялық ахуалдың ыңғайлылығы, 5-ші

сыныптар бойынша мазасыздығы анықталмағандығы анықталды. Тек жаңа тақырыптарды түсіну барысында, көп оқушыларда алаңдаушылық байқалатыны айтылды. 5-ші сынып оқушыларына сабақ беретін ұстаздарға ұсыныстар берілді.
10 сыныптардың «социометрия» зерттеу бойынша шеттеп қалған оқушылар жоқ. 10 сыныпқа оқушылардың бейімделуі сәтті өтіп жатқандығы, оқушылар сабаққа белсенді қатысып, сыныптастарымен, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынаста екенін сөз етті.

**4. Бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген** оқушылардың тамақтануы, СУСН бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Қуан Ұлбүбі мектептегі бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар жайлы айтып өтті. 5-11 сыныптарда : бірінші тоқсан 91оқушы, қараша айында 89 оқушы
1-4 сыныптарда: 421 оқушы
1 ауысымда
5-11 сыныптарда 58 оқушы, 1-4 сыныптарда 210 оқушы
2 ауысымда
5-11 сыныптарда 31 оқушы, 1-4 сыныптарда 211 оқушы
Меомарандуммен тамақ ішетін оқушы саны 7;
«Алақан» жүйесі» бойынша барлық мектеп оқушылар тіркелгені айтылды. Сабаққа кіру, сабақтан шығу кезінде оқушылар осы «алақан» бағдарламасы бойынша қадағаланатыны айтылды. Жаңадан келген оқушылар тіркелу керектігі, мектептен кеткен оқушылар «алақан» бағдарламасынан шығу керектігі сынып жетекшілерге ескертілді.

**Ағымдағы мәселе бойынша** мектеп директоры Туркестанбаева Ақнұр Арысбаевна мектептің ішкі тәртібі ережелері мен педагогикалық әдеп нормаларын сақтау керектігін қатаң түрде ескертті. Сонымен қатар, егер ұстаздар тарапынан төменде көрсетілген 3 әрекет орын алатын болса, сол күні сол мұғаліммен «Еңбек шарты» бұзылатыны айтылды. Ол әрекеттер мыналар:

1. Сабақ барысында оқушыларды ұрып, балағат сөздер айтылатын болса;
2. Біреудің затын рұқсатсыз алатын болса және мектептің мүлкіне зақым келтірсе;
3. Біреуді балағаттап, өсек айтып, ғайбаттап жамандаса. Айтылған ескетуді барлық ұстаздар қауымы бірауыздан қолдады.

Сонымен қатар, «И.Құтпанұлы» деп аталатын мектеп ұстаздары енгізілген ватсап әлеуметтік желісінде құрылған чатқа жіберілген тапсырмаларды оқымаған, қарамаған, көрмей қалдым деп орындамаған, дер кезінде жұмыстарды атқармаған ұстаздарға шара қолданылатыны ескертілді.

**Ағымдағы келесі мәселе бойынша** мектептің кәсіподақ ұйымы төрайымының орынбасары Сарсенбаева М.Х. кәсіподақ атынан мерейлі жасқа толып жатқан ұстаздар қауымын туған күндерімен құттықтап, ақшалай сыйлық табыстады. Мерейлі жасқа толған ұстаздар қауымы: Байгаскинова К.З., Шахатова Б.А., Мажитова Д.У., Касымханова Ж.Б., Тлеуова А.Б., Лесбекова Ұ.А., Бахытнұр Ө., Сандыбек Қ.

Қаулы :

1. а) Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау қорытындысы«қанағаттанарлық» деп танылсын, ескерту берілген қателіктер түзетілсін, 2-тоқсанға жоспарланған жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
   ә) Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу барысы қадағалансын.
   б) Оқу бағдарламасының стандартқа сай орындалуыбарысында ескертуі бар ұстаздарға жазбаша түрде ескерту берілсін, кеткен қателіктер түзетілсін.

2. а) 3,8,10 - сыныптардан тоқсан бойында алынған 0-дік бақылау, БЖБ, ТЖБ қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын, олқылықтармен жұмыс жүргізілсін.

ә) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлерінің құжаттарымен жұмыс бақылауға алынсын.

3. а) Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары. Сәтсіз отбасы, ерекше назардағы оқушылармен жұмыс жоспарға сәйкес жалғасын тапсын.

ә) 1,5,10 сыныптардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделу жұмысының бақылау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын

4. Бірмезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануы жоспарға сәйкес бақылауға алынсын. «Алақан» жүйесі бойынша келген оқушылар тіркелсін, кеткен оқушылар шығарылсын.

5. Ағымдағы мәселелер бойынша барлық мәселелер мен сұрақ жауаптар толықтай «қанағаттанарлық» деп қабылдансын. Айтылған ақпараттар есепке алынсын.

Мектеп директоры: А.А.Туркестанбаева

Хатшы: М.М.Айкынбаева

**Хаттама № 3**

**Күні: 20.01.2025**
**Уақыты: 17:00**
**Өту орны: АКТ зал**

**Күн тәртібінде:**

1. 1-жарты жылдық бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының құрастырылу сапасы және кестеге сай өткізілуі. Білім сапасының жоспарлы орындалуы. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ басшылыққа ала отырып 2-жарты жылдыққа жоспарланған жұмыстар мен міндеттерді талқылау, ұсыну.
(Хусайн Х. оқу ісі жөніндегі орынбасары, Шахатова Б.А. оқу ісі жөніндегі орынбасары, Бахытхан О. тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
2. BILIM CLASS.KZ платформасы
3. а)Мектепішілік, аудандық олимпиада, байқаулардың I жарты жылдық бойынша есебі. (Жунусова А.Қ оқу ісі жөніндегі орынбасары)
ә) БЖБ, ТЖБ-ның қорытындысы (4,9,11сынып) (Хусайн Х. оқу ісі жөніндегі орынбасары, Шахатова Б.А. оқу ісі жөніндегі орынбасары)
4. ЕББҚ оқушылар мен үйде оқытылатын оқушыламен жұмыс бойынша жұмыстардың орындалуы. (Нусипова А.Б. мектеп кординаторы)
5. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен, әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету. (СУСН) (Қуан Ұ. әлеуметтік педагог)
6. Қолданыстағы мектеп оқулықтарының жай-күйі. (Накипова Н.М. кітапханашы)
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар есебі. (Бахытхан О. тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

**Тыңдалды :**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ханат Хусайнға берілді. 2024/2025 оқу жылының I жарты жылдық бойынша білім сапасы 65% құрағанын, болжам бойынша 70% көрсеткішке жету керектігі жоспарланғанын атап өтті. Алдағы уақытта 3 тоқсанда сынып бойынша жасалынған болжам бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен жұмыс күшейтіліп, болжам бойынша 3 тоқсанға межеленген 73% сапа көрсеткішіне жету керектігін нақты атап айтылды.

БЖБ, ТЖБ жұмыстарының құрастырылу сапасы алдыңғы тоқсанға қарағанда сапалы түрде құрылғаны, өрескел кемшіліктердің азайғанын және барлық ТЖБ, БЖБ жұмыстары әкімшіліктің бекіткен кестесіне сәйкес уақытылы өткізілгенін атап өтті.

I жартыжылдық тәрбие жұмысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде I жарты жылдыққа жоспарланған барлық іс-шаралар өтілгенін, анықтама-мәліметтері жазылғанын, өткізілген іс-шаралардың фото-бейнематериалдары уақытылы желіге жүктелгенін атап айтты.

Мектеп директоры Ақнұр Арысбаевна, алдағы оқу жылында 7,8,9 сынып оқушылары бейіндік пәндер бойынша оқытылуына байлынысты, қазірден

бастап 6,7,8 сынып жетекшілеріне сынып сағаттарында болашақ мамандықтарына сәйкес пәндерден таңдау жасау керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігі ескертілді. Мектеп психологына кәсіби бағдар бойынша сауалнама алу керектігі айтылды. Ата-аналармен жиналыс жасап, түсіндіру жұмыстары жүргізілу керектігін атап өтті.

**2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Пешкенова Айжан Тендиковна Bilimclass.kz платформасы жайлы баяндады. 25.12.2024 жылының №314 бұйрық негізінде, 2025 жылдың II жартыжылдығында мектептің оқу проуесін тиімді әрі заманауи технологиялармен қамтамасыз ету мақсатында Bilimclass.kz платформасына толықтай көшу жүзеге асырылды. Барлық оқушылар мен мұғалімдер үшін жаңа білім беру жүйесін іске асыру мақсатында жүйеге толықтай тіркелу мен платформаның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану басты назарда болды. Жауапты директордың орынбасарлары Пешкенова А.Т. мен Кудабаева М.К. Мектептің оқу ісі бойынша келесі мәліметтерді ұсынады:

Мұғалімдер саны -87 адам;

Сыныптар саны -50 сынып;

Параллельдер саны -11 сынып;

Оқушылар саны-1072 оқушы;

Жүйеге тіркелген ата-аналардың саны -505 адам.

Bilimclass.kz платформасына өту барысында мұғалімдерге арнайы платформадағы оқыту курстары ұйымдастырылып, барлық 100% мұғалімдер сертификат алып, платформаны қолдану дағдыларын меңгергені айтылды. Барлық ұстаздар ТЖ мен КТЖ орналастырып, оқушылардың білім деңгейін бақылау мен бағалау мүмкіндіктеріне ие болды. Ата-аналар толығымен әлі жүйеге тіркелмеген, тіркелген ата-аналар өз балаларының үлгерімін бақылай алатындығы айтылды. 31.01.2025 жылға дейін 1,2 тоқсанның ТЖ мен КТЖ толтыру және толықтай формативті, БЖБ, ТЖБ бағаларын қойылу керектігі айтылды. Ұсыныс ретінде платформаның мүмкіндіктерін толықтай пайдалану, оқушылардың платформамен жұмыс істеу дағдыларын одан әрі жетілдіру, ата-аналарға жүйенінің функционалдарын түсіндіретін тренингтер мен ақпараттық сессиялар өткізуді ұсынды.

**3. а) Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша** сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жунусова Амина Кумарбековна жалғастырды. Мектепішілік, аудандық олимпиада, байқаулардың І жарты жылдық есебі бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсеткенін баяндады.

| Мектепішілік, аудандық пән олимпиадасының қорытындысы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| № | Мектеп атауы | І кезең, мектепішілік | | ІІ кезең аудандық | |
| | | Қатысушы оқушылар саны | Жеңімпаздар саны | Қатысушы оқушылар саны | Жеңімпаздар саны |
| 1 | 5-6 | 86 | 12 | 12 | 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыныптар | | | | |
| 2 | 7-8 сыныптар | 81 | 18 | 18 | 8 |
| 3 | 9-11 сыныптар | 96 | 29 | 29 | 12 |

Пәндік олимпиада бойынша аудандық сайысқа қатысқан пәндерден төмен ұпай алған оқушылардың жетекшілеріне неліктен төмен ұпай жинағаны және оқушыларды аудандық деңгейге қалай дайындағаны сұралды. Пән мұғалімдері тарапынан тапсырмалардың қиындығы, өтілмеген күрделі есептер мен тапсырмалар келгендігі сөз етілді. Жалпы барлық жетекшілер оқушылармен алдыңғы оқу жылында облыстық, республикалық деңгейде келген қосымша тапсырмалармен дайындық жүргізілгені айтылды.

Президенттік олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы бойынша 11-сыныптан 17 оқушы қатысты, 11 оқушы «Үздік аттестатқа», 6 оқушы «Алтын белгіге» үміткер оқушылар. Бизат Ерасыл І орын, Хусайн Шахизат ІІ орын иеленді. Пән мұғалімдері: Кожахметова Б.К., Алтаев Н.А., Бабакова Ғ.Т., Темирбекова М.А. Бизат Ерасыл Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінен І орынды иеленді, республикалық олимпиадаға іріктеу кезеңінен өтпеді.

Математика пәнінен «Алтын түлек» олимпиадасының бірінші кезеңіне 10-11-сынып оқушыларынан 34 оқушы қатысты, 11-сыныбынан – 13 оқушы, 10-сыныптан – 21 оқушы. 10 сыныптар боынша Бришев Ерасыл, Кенжебай Әбілмансұр – аудандық кезеңнен 3 орынға ие болған. 11 сыныптар бойынша - Бизат Ерасыл -1 орын, Сәрсенбай Жалғас-2 орын иеленген. 1-ші, 2-ші,3-ші орын алған оқушылар Алтын түлек олимпиадасының Республикалық кезеңіне жолдама алды.

«Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңі болып өтті. 5-сыныптардан 59 оқушы қатысып ауданға бірінші, екінші, үшінші орын алған үш оқушы аудандық кезеңге қатысуға жолдама алды. Ыдырыш Ерол – 1 орын, пән мұғалімі: Омаров Ж.К. , Озат Айару – 2 орын, пән мұғалімі: Омаров Ж.К. , Бекмұратов Жанкелді – 3 орын, пән мұғалімі: Тазабек Е.Е. Жүлделі орын алған 3 оқушы аудандық кезеңге қатысып, Ыдырыш Ерол грамотамен марапатталды. 6-сыныптардан 50 оқушы қатысып ауданға бірінші, екінші, үшінші орын алған үш оқушы аудандық кезеңге қатысуға жолдама алды. Тюрибекова Дильназ – 1 орын, пән мұғалімі: Санат Г. , Арысбай Ақниет – 2 орын, пән мұғалімі: Санат Г. , Халелов Асылхан – 3 орын, пән мұғалімі: Санат Г. Мектепішілік кезеңнен жүлделі орын алған 3 оқушы аудандық кезеңге қатысып орын иеленбеді.

«Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңі 3-4-сыныптарда болып өтті.

3-сыныптардан 53 оқушы қатысып ауданға бірінші, екінші, үшінші орын алған үш оқушы аудандық кезеңге қатысуға жолдама алды. Манат Батырхан – 1 орын, пән мұғалімі: Жуманова А.Н., Мадияр Зере – 2 орын, пән мұғалімі: Кудабаева М.К. , Болатхан Айкүміс – 3 орын, пән мұғалімі: Касымханова Ж.Б.

